"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 4 шілдедегі № 14-VIII "Кәсіптік біліктілікті тану қағидалары" 2023 жылғы 6 қыркүйектегі № 374 бұйрық

1
Кәсіби біліктілігін тану үшін Кандидат Кәсіптік біліктілікті тану орталығына (КБТО) 1) өтініш 2) құжаттардың көшірмелерін ұсынады (толығырақ Кәсіптік біліктілікті тану қағидалары, 2-тарауды қараңыз )

2
**КБТО** өтініш тіркелген күннен кейін **3 жұмыс күні ішінде** кандидат ұсынған құжаттардың толықтығын және өтінішті толтырудың дұрыстығын тексереді.

3
Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және (немесе) өтініш дұрыс толтырылмаған, ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы мәліметтер күмәнді болған кезде КБТО кандидатқа хабарлама жібереді. Кандидат хабарлама жіберілген күннен кейін **3 жұмыс күні ішінде** ескертулерді жояды және құжаттарды қайта ұсынады.

4
Кандидат (кандидаттар) құжаттардың толық топтамасын берген және өтінішті мерзімдерде дұрыс толтырған кезде КБТО кандидатпен (кандидаттармен) кәсіптік біліктілікті тану бойынша қызмет көрсетуге шарт жасасады.

5
Кандидатпен (кандидаттармен) кәсіптік біліктілікті тану жөніндегі қызметті көрсетуге шарт жасасқан күннен кейін **5 жұмыс күні ішінде** КБТО кандидатқа (кандидаттарға) кәсіптік біліктілікті тану рәсімін өткізу күні, уақыты және орны туралы хабарлама жібереді.




**қайта тапсыру** (тек ең көбі 2 рет рұқсат етіледі)

КБТО ақылы қызметтері

**білімін арттыру**

(ұсынылатын үшінші тарап нұсқаушыларының ақылы қызметтері)